7

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**
**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ**
**«№56 Жалпы білім беретін орта мектеп» КММ «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТ**
**АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАС**
**АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОІ**
**КГУ «Общеобразовател средняя школа №56»ГУ «О образования города Актоб**

030008, Ақтөбеқаласы, 12 шағынаудан 37 «В» үй 030008,
Факс/тел:45-82-46; 45-82-47, e-mail: Shkola_56@bk.ru

город Актобе, 12 микр. дом 37 «В» 030008
факс/тел: 45-82-46: 45-82-47e-mail:Shkola_

**БҰЙРЫҚ №** 77/5 н/ч

«03» 09 **2024 жыл**

*«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру туралы*

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесіні 2023 жылғы 15 хаттамадағы №4 бұйрығына сәйкес

**Бұйырамын:**

1. Мектептің ата-аналар қауымдастығы мен өзара іс-қимылын нығайту мақсаты «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы ұйымдастырылсын;
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне директор, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Имашева А.У. бекітілсін;
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына:
   -орталық аясында өтетін саябақтардың кестесін жасап бекіту;
   -орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жет жүктелсін;
4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасының жү асырылуы 1-4класс Бралова С.З.,Намазбаева Ж.А.,5-11 класс Даутова А.Т.,Мага А.Н. әлеуметтік педагог Тоқ А.,мектеп психологы Сатанова Ж., 1-11 сы жетекшілеріне жүктелсін;
5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жоспарлауда ат аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдағы №1 қосымш «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» негізге алынсын;
6. «Атана-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес а аналға арналған оқыту кестесі құрылсын;
7. Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, аналармен сабақ өту үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техник қызметтердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өту барысында санитар гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Жапалакова Д. жүктелсін
8. Мектеп кітапханашысына Балтасова К.Ж. педагогтер мен сынып жетекшілерге аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін;

9. 2024-2025 оқу жылына орталық сабақтардың бағдарламасы вариативті компоне таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-3 әзірлемесі құрастырылып, компоненттің мазмұны сапалы құрылсын, педагогика кеңес отырысында бекітілсін;
10. Педагогтерге, ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариати компонентінің әдістемесін құрастыруға әдістемлік қолдау көрсету директор әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Нугуманов Е.С. жүктелсін;
11. Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогика қолдау орталығы қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» ж бығыты енгізілсін;
12. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралардың ақпаратынәлеуметтік желілерге, Б жариялау Тлеугазина У.Н. жүктелсін;
13. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанында «Даналық» мект құрылсын;
    a. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Аталар», «Әжелер», «Әкел «Аналар» ақыл-кеңес үлгісі енгізілсін;
    b. «Даналық» мектебінің жетекшілігі Даутова А.Т.,Магазова А.Н.бекітілсін;
14. «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылсын;
15. Орталық қызметін мектепішілік бақылауға алу, мектепішілік бақылау жоспарын бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөнінд орынбасары Алданазарова А.К.жүктелсін;
16. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөнінд орынбасары Имашева А.У. жүктелсін.

**№56 ЖОББ мектеп директоры** **Наримбетова Г.М.**

*«Бекітемін»*
*Мектеп директоры:*
*Г.Наримбетова*

**№56 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының Даналық мектебінің өткізілетін жылдық жоспары. 2024-2025 оқу жылы.**

| | № | Сабақтың тақырыбы | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ата өсиеті | Туыстық қарым-қатынас-баға жетпес байлық | 25-30 қараша | 1. Тулеугазина У.Н.,<br>2. Хамит Б.Қ.<br>3. Сатанова Ж.<br>4. Тоқ Ә.<br>5. |
| 2 | | Ата кәсіп-берекенің бастауы | 17-20 наурыз | 1. Адильбеков Н.Ш.<br>2. Әбдісалам А.<br>3. Нитулина А.С.<br>4. Ахметова У.К.<br>5. Қармырзаева І. |
| 3 | Әже даналығы | Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі | 23-27 желтоқсан | 1.Атыраубаева Г.К.,<br>2.Боранбаева А.А.<br>3.Аитмаганбетова А.А. |
| 4 | | Өнегелі өмір | 21-25 сәуір | 1.Косжанова А.Е.,<br>2.Тржанова А.Д.<br>3.Игликова Л.Е. |
| 5 | Әке қамқорлығы | Жирен жаман әдеттен | 27-31 қаңтар | 1. Бимағанбетова Б.К.,<br>2. Уткелбаева С.С.<br>3. Сұлтанова А.А.<br>4. Жалғас А.А. |
| 6 | | Аға болсаң ақыл айт | 24-28 ақпан | 1. Батырбекова Д.,<br>2. Мулдагарина Д.С.<br>3. Дүсіпова А.<br>4. Балбосынова Ш.Н. |
| 7 | Ана кеңесі | Анам мінезімен көркем | 24-28 наурыз | 1. Сырлыбаева А.И.,<br>2. Байсейітова А.Б.<br>3. Сулекенова Г.У.<br>4. Токтасова С.Б. |
| 8 | | Отбасы құндылығы (аналарға жеті кеңес) | 12- 16 Мамыр | 1. Абдрахманова Г.Б.,<br>2. Жұбат С.Т.<br>3. Куканова Ж.А.<br>4. Утеген Ж.Р. |

№56 жалпы орта білім беретін мектебі

# «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының Даналық мектебінің 2024-2025 оқу жылында атқарған жылдық жұмысының есебі

Дайындаған: Мулдагарина Д.С.

**Мақсаты:**
Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, тәрбиелеу процесіндегі рөлін нығайту және отбасы мен мектептің тығыз ынтымақтастығын қамтамасыз ету арқылы балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету.

**Міндеттері:**

- Ата-аналардың бала тәрбиесінде кездесетін мәселелерді шешудегі құзыреттілігін арттыру;
- Қазіргі заманғы тәрбиелеу тәсілдерін ата-аналарға меңгерту;
- Ата-аналарға жас ерекшеліктеріне сай тәрбие беру бойынша кеңес беру;
- Педагогтер мен ата-аналар арасындағы серіктестік қатынасты нығайту;
- Тәрбие беру үрдісінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау.

| № | Анықтама | Фото есеп | Сілтеме |
|---|---|---|---|
| | | **АТА ӨСИЕТІ** | |
| 1 | «Ата өсиеті» бөлімі бойынша қараша айында «Туыстық қарым-қатынас баға жетпес байлық» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылып өтті. Аталған кездесуде балалар атамыздың ақ батасын алып, қазақ халқы үшін құнды болып табылатын туыстық қарым - қатынас мәдениеті, туыстық атаулар, "Жеті ата", "Нағашы жұрт", "Өз жұртың" сияқты т.б ұғымдармен терең танысты. |     | https://www.instagram.com/reel/DDNJgYqMu2X/?igsh=Z3JhMjNpNmZqZmRz |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | «Ата өсиеті» бөлімі бойынша наурыз айында «Ата кәсіп берекенің бастауы» тақырыбында іс- шара ұйымдастырылып өтті. Аталған іс шарада "Ата кәсіп" – бұл ата-бабалардан мирас болып келе жатқан дәстүрлі кәсіп, яғни мал бағу, егін егу, қолөнер, аңшылық, зергерлік, ұсталық, тері илеу, т.б. кәсіп түрлері екендігі ұғындырылды. "Берекенің бастауы" – молшылықтың, тыныш өмір мен тұрақты табыстың негізі, көзі екендігі айтылд. Балалар, "Атадан қалған кәсіппен айналыссаң, несібең артып, өміріңде береке-бірлік, тұрақтылық болады" дегенді білді. Аталған іс - шара арқылы балалар қазақ халқы өз ұрпағын ата-бабалар кәсібіне құрметпен қарауға, жалғастыруға, соның игілігін көруге шақырғандығын ұғынды. |     | https://www.instagram.com/reel/CxD12c2sozI/?igs https://www.instagram.com/p/DBG3lRus8WN/?igsh=ZWRzNjFlN2pva3k= |

| № | Анықтама | Фото есеп | Сілтеме |
|---|---|---|---|
| | | **ӘЖЕ ДАНАЛЫҒЫ** | |
| 1 | «Әже даналығы» бөлімі бойынша желтоқсан айында «Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» тақырыбы аясында оқушыларға қазақ қоғамындағы әже образы, әженің тек отбасындағы үлкен адам ғана емес екендігін оның бүкіл ұрпаққа тәлім-тәрбие беруші, рухани ұстаз, салт-дәстүр мен ұлттық болмыстың сақтаушысы екендігі ұғындырылды. Әжелеріміздің өмірі — өнеге мен парасаттың, төзім мен мейірімнің нақты көрінісі туралы айтылды. |  | https://www.instagram.com/p/DJ9U92goAuL/?img_index=1&igsh=dHJjNXc5ZHQ0bnl5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | «Әже даналығы» бөлімі бойынша сәуір айында «Әжелердің өнегелі өмір жолы» тақырыбында өткізілген іс – шарада әжелердің ұрпаққа бағыт беретін шамшырақ іспетті екендіктері айтылды. Кездесу барысында әжелерден қалған өмірлік сабақтар мен тағылымды тәрбие — мәңгілік мұра екендігі аталды. Жастарымыздың сол өнегеден үлгі алып, өз болмысын қалыптастырып, ұлттық рухты сақтауы қажет екендігін ескере отырып, аталған іс - шарада әже даналығы туралы тағылымы терең тәрбие берілді. |     | https://www.instagram.com/reel/DHXXHXjIKpg/?igsh=ODJ0MjFvZ3ljY3Vt |

| № | Анықтама | Фото есеп | Сілтеме |
|---|---|---|---|
| | **ӘКЕ ҚАМҚОРЛЫҒЫ** | | |
| 1 | «Әке қамқорлығы» бөлімі бойынша қаңтар айында балалар мен жасөспірімдердің бойында жақсы мінез-құлық қалыптастыру, теріс қылықтардан аулақ болуға үйрету мақсатында «Жирен жаман әдеттен» тақырыбында кездесу ұйымдастырылып өтті. Аталған іс-шарада балалар адамгершілік пен дұрыс өмір салтына баулитын қағидалармен таныстырылды. | <br><br><br> | https://www.instagram.com/reel/DDZU01CMXdK/?igsh=emZ6YnM1dW04NDhw |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | «Әке қамқорлығы» бөлімі бойынша ақпан айында "Аға болсаң ақыл айт" тақырыбында ұйымдастырылған кездесуде оқушылардың бойында үлкеннің кішіге үлгі болуы, тәрбие мен тәлім берудің маңызы, оқушылардың бойындағы жауапкершілік, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу және ер балалардың бойында нағыз азаматтық қасиеттерді дамыту туралы айтылды. | <br> | https://www.instagram.com/reel/DF0LvDfMksR/?igsh=cWI2NTM2ZWc3eW5q |

| № | Анықтама | Фото есеп | Сілтеме |
|---|---|---|---|
| **АНА КЕҢЕСІ** | | | |
| 1 | «Ана кеңесі» бөлімі бойынша наурыз айында «Анам мінезімен көркем» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылып өтті. Іс - шара барысында оқушылардың бойында анаға деген құрметті арттыру, оқушылардың бойында мейірімділік, сыйластық, кішіпейілділік қасиеттерін дамыту, отбасы құндылықтарын дәріптеу, ана тәрбиесінің маңызын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. |     | https://www.instagram.com/reel/DJYyIyelajR/?igsh=MXMyMGR5dngyenB1MQ== |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | «Ана кеңесі» бөлімі бойынша мамыр айында "Отбасы құндылығы" (аналарға жеті кеңес) кездесу барысында аналарға отбасындағы ананың рөлін, аналық мейірімді, тәрбиенің маңызын насихаттау жұмыстары жүргізілді. Аналар арасында ашық пікір алмасып, өзара тәжірибе бөлісті. |     | https://www.instagram.com/reel/DG5NerUMVn2/?igsh=MTNbXExZG00MW1zMQ== |